IQAA

**БІЛІМ САПАСЫН ҚАМТАМАСЫЗДАНДЫРУ БОЙЫНША ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ - IQAA**

# «ТҰРАН-АСТАНА» УНИВЕРСИТЕТІНІҢ СЫРТҚЫ АУДИТ БОЙЫНША ЕСЕБІ

**7М01702 «ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ» БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН АККРЕДИТТЕУ**

ЕКІНШІ ДЕҢГЕЙ (МАГИСТРАТУРА)

**Астана, 2024**

# Сарапшылар тобы

| | |
|---|---|
|  | **Топ жетекшісі, сараптамашы – Усенова Аккенже Мукановна**<br>PhD, «Жалпы педагогика мен психология» кафедрасының меңгерушісі<br>М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті |
|  | **Халықаралық сараптамашы – Акрамова Гульбахор Ренатовна**<br>Бұхара мемлекеттік педагогикалық институты Ғылыми зерттеу, инновация және ғылыми педагогикалық кадр дайындау бөлімінің меңгерушісі<br>педагогика ғылымының докторы (DSc), профессоры |
|  | **Сараптамашы – Шақаман Ырысгүл Бектемірқызы**<br>«Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ-ның жетекшісі, филол.ғылымдарының кандидаты, профессор, Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті |
|  | **Сараптамашы – Асанбаева Сауле Асанбаевна**<br>«Қазақ тіл білімі теориясы мен әдістемесі» кафедрасының профессоры, филология ғылымының кандидаты, «Тіл білімі» доценті<br>Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті |
|  | **Сараптамашы – Алимбекова Анар Аймолдановна**<br>«Педагогика және психология» мамандығы бойынша PhD, қауымдастырылған профессор, Педагогика және психология институты, Абай атындағы ҚазҰПУ |
|  | **Жұмыс берушілер өкілі – Гүлназ Төкенқызы**<br>Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» Ұлттық ғылыми-практикалық орталығы «Қолданбалы лингвистика» бөлімінің жетекші ғылыми қызметкері, филология ғылымының кандидаты, доцент |
|  | **Білім алушылар өкілі – Серікжан Фарида Жарасқызы**<br>Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының 2 оқу жылының магистранты |

IQAA үйлестірушісі – Мұратова Гаухар Имашқызы, талдау және сапа бөлімінің жетекшісі;

«Тұран Астана» университетінің сыртқы бағалау бойынша жауапты өкілі – Асылаева Қадиша Құсбекқызы, аккредиттеу және рейтинг бөлімінің жетекші маманы.

Сарапшылар тобының есебі IQAA-ның зияткерлік меншігі болып табылады. Кез келген ақпаратты IQAA-ға сілтеме болған кезде ғана пайдалануға рұқсат етіледі. Авторлық құқықты бұзушы заңды жауапкершілікке тартылады.

# 7M01702 «ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ» БББ-ы БОЙЫНША ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУ ЕСЕБІНІҢ ӘРБІР СТАНДАРТ БОЙЫНША НАҚТЫ ЖАҒДАЙҒА СӘЙКЕСТІК ДЕҢГЕЙІ

| Стандарттар | Өзін-өзі бағалау туралы есептің әр стандарт үшін университеттің нақты жағдайына сәйкестігін белгілеңіз | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Толық сәйкестік | Айтарлықтай сәйкестік | Ішінара сәйкестік | Сәйкессіздік |
| *Стандарт 1* Білім берудегі сапаны қамтамасыз ету саясаты және академиялық адалдық | + | | | |
| *Стандарт 2* Білім беру бағдарламаларын әзірлеу, бекіту және ақпаратты басқару | | + | | |
| *Стандарт 3* Студенттерге бағытталған оқыту, оқыту және бағалау | | + | | |
| *Стандарт 4* Студенттерді қабылдау, оқу үлгерімі, тану және сертификаттау | | + | | |
| *Стандарт 5* Профессор-оқытушылар құрамы | | + | | |
| *Стандарт 6* Оқу ресурстары және студенттерді қолдау | | + | | |
| *Стандарт 7* Қоғамды хабардар ету | | + | | |

# *МАЗМҰНЫ*

**1-ТАРАУ. АУДИТТІҢ МАЗМҰНЫ МЕН МАҚСАТТАРЫ**
Кіріспе …………………………………………………………………………
Университеттің негізгі сипаттамалары ………………………………………

**2-ТАРАУ. САРАПТАМА ТОБЫНЫҢ СЫРТҚЫ АУДИТІ ТУРАЛЫ ЕСЕП**
Мамандандырылған (бағдарламалық) аккредиттеу стандарттарына сәйкестігі
Кіріспе ...………………………………………………………………………
*Стандарт* 1
Білім берудегі сапаны қамтамасыз ету саясаты және академиялық адалдық ……………………………………………………………………….
*Стандарт* 2
Білім беру бағдарламаларын әзірлеу, бекіту және ақпаратты басқару ………………………………………………………….............................
*Стандарт* 3
Студенттерге бағытталған оқыту, оқыту және бағалау .....…………………
*Стандарт* 4
Студенттерді қабылдау, оқу үлгерімі, тану және сертификаттау …………
Стандарт 5
Профессор-оқытушылар құрамы ............………………………………
Стандарт 6
Оқу ресурстары және студенттерді қолдау ………………………..……
*Стандарт* 7
Қоғамды хабардар ету ……………………………………………..

**3-ТАРАУ**
**ҚОРЫТЫНДЫ** …………………………………………………………

**ҚОСЫМШАЛАР**
*1 Қосымша*
Сыртқы аудит бағдарламасы …………………………………………
*2 Қосымша*
Сұхбаттың барлық қатысушыларының тізімі ……………………………
*3 Қосымша*
ЖОО - да қосымша қаралған құжаттар тізімі .........................………………

# *1-ТАРАУ*
# *АУДИТТІҢ МАЗМҰНЫ МЕН МАҚСАТТАРЫ*

## КІРІСПЕ

Білім беру бағдарламаларын мамандандырылған аккредиттеу шеңберінде сыртқы аудит процесін Білім беру сапасын қамтамасыз ету жөніндегі тәуелсіз агенттік (IQAA) 2024 жылғы 28-29 мамыр аралығында әзірлеген бағдарламаға сәйкес сыртқы сарапшылар тобы жүргізді. Сыртқы аудит IQAA агенттігі әзірлеген және университетпен келісілген бағдарламаға сәйкес өтті. Комиссия жұмысына қажетті барлық материалдар: Аудит бағдарламасы, Бағдарламаны аккредиттеу шеңберінде өзін-өзі бағалау есебі (қосымшалармен), Сұхбатқа қатысушылардың тізімі, Сыртқы бағалауды ұйымдастыру және өткізу бойынша нұсқаулық, Аккредиттеу жөніндегі сарапшының этика кодексі ұсынылып, сараптамалық топ мүшелеріне білім беру ұйымындағы жұмысты бастамас бұрын сырттай бағалау рәсіміне уақтылы дайындалу мүмкіндігін қамтамасыз етті.

Университеттің өзін-өзі бағалау есебінде бағдарламаның аккредиттеу стандарттарына сәйкес ұсынылған жеткілікті ақпарат ұсынылды. Сыртқы сарапшылық топтың аудит бағдарламасына сәйкес визуалды тексеру оффлайн және онлайн режимінде жүзеге асырылды, бұл комиссия мүшелеріне университеттің оқу, тәрбие және ғылыми процестерді ұйымдастырылуы туралы, материалдық-техникалық базасы туралы жалпы түсінік алуға, оның стандарттарға сәйкестігін анықтауына мүмкіндік берді. Сонымен қатар, агенттік ұсынған Zoom платформасында онлайн чатқа қосылу арқылы университет басшылығымен және әкімшілігімен, оқытушылар құрамымен, студенттермен және жұмыс берушілермен кездесулер өткізілді.

Сарапшылар келесі нысандар мен құрылымдық бөлімшелерді тексерді: оқу корпустарды, оқу-әдістемелік бөлім, ғылыми бөлім, студенттермен жұмыс бөлімі, халықаралық бөлім, білім сапасын бақылау бөлімі, демеушілік тарту және серіктестікті дамыту бөлімі, ақпараттық-ресурстық орталық. Сыртқы аудит жүргізу барысында сарапшылар құжат айналымымен, оқу-әдістемелік, ғылыми-техникалық қамтамасыз етумен, университет веб-сайтымен, оның навигациясымен және мазмұнымен, сондай-ақ оқу-әдістемелік қамтамасыз етумен, университет пен кафедралардың нормативтік құжаттарымен танысты. Сонымен қатар, университеттің әлеуметтік желілерде, БАҚ-та және басқа да электронды ресурстарда қалай ұсынылғаны зерттелді. Сыртқы аудит бойынша жоспарланған іс-шаралар ЖОО құрылымымен, оның қызметімен неғұрлым егжей-тегжейлі танысуға ықпал етіп, сыртқы сарапшыларға университеттің өзін-өзі бағалау жөніндегі есептің деректерінің ЖОО-дағы нақты жай-күйіне сәйкестігін тәуелсіз бағалауға мүмкіндік берді.

## Университет туралы жалпы сипаттамасы

**Оқу орнының толық атауы**: «Тұран-Астана» университеті» мекемесі;

**Білім беру қызметін жүргізуге мемлекеттік лицензиялық куәлігі**: **2014.12.29-ындағы** №0137367 (02-қосымша).

**Заңды мекенжайы және орналасқан жері:** ҚР-сы, Астана қ-сы, 010000, Сарыарқа ауданы, Ы.Дүкенұлы көшесі, 29.

**Ашылған күні, жылы:** 15 мамыр 1998 ж.

**Меншік нысаны:** жеке.

**«Тұран-Астана» университетінің ректоры**: э.ғ.к., профессор Гүлжамал Әлкенқызы Жапарова.

**«Тұран-Астана» университеті** – бизнес, құқық, әлеуметтік ғылымдар, техникалық және гуманитарлық білім беру бағдарламалары бойынша кадр даярлауды жүзеге асыратын жоғары оқу орны.

Университетте 19 бакалавриат, 26 магистратура, 1 докторантура бойынша БББ-лары жүзеге асырылады. Кадр дайындау қазақ/орыс тілінде жүргізіледі. Оқыту түрі – күндізгі. Оқытушылық-профессорлық құрам саны – 154, ПОҚ-ның ғылыми дәрежесі – 50,4%.

**Білім алушылардың жалпы саны –** 2712; оның ішінде бакалавриатта – 2380 студент; магистратурада – 328 магистрант; докторантура 4 докторант бар.

2023-2024 оқу жылында 718 талапкер оқуға қабылданған.

**Дайындық бағыттары:**Университет бағыттық жіктеуіш бойынша тиісті маман дайындайды:

**Бакалавриатта:**

6В021-Өнер
6В023-Тіл және әдебиет
6В031-Әлеуметтік ғылымдар
6В042-Құқық
6В041-Бизнес және басқару
6В061-Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар
6В017-Тілдер және  әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау
6В111-Қызмет көрсету саласы

**Магистратурада:**

7М011-Педагогика және психология
7М017-Тілжәне әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау
7М041-Бизнес және басқару
7М042-Құқық
7М061-Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар
7М111-Қызмет көрсету саласы

**Докторантурада:**

8М041 – Бизнес және басқару

«Тұран-Астана» университетінде Білім беру бағдарламаларын; ақпараттық қор мен технологияны, білім алушылар үшін ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізу үшін және практикалық дайындықтан өткізетін арнайы ресурсты қолдануға қажетті жеткілікті инфрақұрылым бар. Университеттің материалдық-техникалық базасы біліктілік талаптарына сәйкес келеді.

Университетте жалпы ауданы 11964,1 ш.м. құрайтын екі оқу ғимараты бар. Жалпы оқу алаңы – 7228,9 ш.м. Оқитын орын 55 аудиториядан тұрады, оның ішінде: 2 аудиторияда 144 отыратын орын, 6 аудиторияда 60-75 отыратын орын, 20 аудиторияда 30-50-ге дейінгі отыратын орын бар, қалған аудиторияларда 6-дан 30-ға дейін отыратын орын қамтылған. Спорт ғимаратының жалпы ауданы – 565,6 ш.м., 1 жатақхананың жалпы ауданы – 859,0 ш. м.; сонымен бірге жалдауға алынған 2 хостел бар. Университеттің ресми сайты, бірыңғай жергілікті электрондық жүйесі бар (https://tau-edu.kz).

1998 жылдан 2023 жылға дейінгі уақытта «Тұран-Астана» университетін 20 000-нан астам студент бітірді. Университет түлектерінің арасында ҚР қоғам қайраткері, белгілі медиа тұлғалар, табысты бизнесмендер бар.

ЖОО-да «Тұран-Астана университеті түлектерінің қауымдастығы» қоғамдық бірлестігі құрылған. Бірлестік дарынды студенттерге қолдау көрсетеді, қоғамдастық қорынан жетім студенттерге стипендия тағайындалады, студенттік асханада тегін кешенді түскі ас беріледі.

Университет түлектерінің қажеттілігі олардың жұмысқа орналасуынан, бакалаврды оқып бітіргеннен кейін бірден келесі оқу деңгейіне түсуімен көрінеді.

«Тұран-Астана» университеті ұлттық рейтингке, «ҚР-2023 тәуелсіз аккредиттеу және рейтинг агенттігінің (АРТА) бас рейтингісіне қатысып, ТОП-20-ға кіріп, 18-орынға ие болды (https://iaar.agency/rating).

Білім берудегі сапаны қамтамасыз ету жөніндегі тәуелсіз агенттік (БСЖТА) өткізетін 2023-Қазақстанның үздік гуманитарлық-экономикалық жоғары оқу орындарының ұлттық рейтингісінде «Тұран-Астана» университеті 6-орынға ие болып, ҚР үздік жоғары оқу орындарының ондығына кірді (https://iqaa-ranking.kz). Университеттің БББ-лары жыл сайын ҚР «Атамекен» ҚР ҰКП рейтингісіне қатысады.

2023 жылғы желтоқсанда «Тұран-Астана» университеті КеАҚ-да институционалдық аккредиттеуден сәтті өтіп, сертификатқа ие болды (№ IA-A №0145, 09.12.2023 ж.берілген) аккредиттеу мерзімі – 5 жыл (04-қосымша).

32 Білім беру бағдарламасы (БББ) аккредиттелді, олардың 16 БББ-сы КеАҚҰ-да, 9 БББ-сы АРТА-де, 6 БББ-сы ҰБО-да мамандандырылған аккредиттеуден өтті. Университеттің  ББ жыл сайын АРТА, КЕАҚ, ҚР «Атамекен» ҚР ҰКП рейтингтеріне қатысады, ақпарат университеттің https://tau-edu.kz/content/akkreditacia-i-rejting  вебсайтында орналастырылды.

Ұлттық бизнес-рейтингте Қазақстан кәсіпорындарын қаржы-экономикалық көрсеткіштер бойынша саралау қорытындысы нәтижесінде 2022 жылы «Тұран-Астана» университеті арнайы куәлікпен марапатталып, «Қазақстан көшбасшысы»/«Leader.KZ» атты атаққа ие болды.

## *2-ТАРАУ*
## *САРАПТАМА ТОБЫНЫҢ СЫРТҚЫ АУДИТІ ТУРАЛЫ ЕСЕП*

### *1-стандарт. Білім беру сапасын қамтамасыз ету саясаты мен академиялық адалдық*

**Дәлел және талдау:**

«Тұран-Астана» университетінің Даму стратегиясы негізінде мамандарды даярлау сапасын қамтамасыз ету саясаты қалыптастырылады. Бұл сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясаттың ЖОО-ның стратегиялық жоспарына, миссиясына, мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестігін қамтамасыз етеді. Университет миссиясы мен көзқарасы, «Корпоративтік мәдениет кодексі» және «Студенттің ар-намыс кодексі» қолданыстағы «Білім туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» құжаттар, сондай-ақ университеттің басқа да стратегиялық құжаттары университет сайтында орналасқан

Академиялық кеңесте бекітіліп, Университетте білікті кадр даярлау, білім беру қызметін кеңейту, БББ-сын жетілдіру, дуальды оқыту ескерілген ЖОО-да сапаны арттырудың ішкі жүйесі Академиялық кеңесте бекітілген университеттің сапа саясаты жұмыс істейді және халықаралық стандарт пен ESG нұсқаулықтарына сүйенеді. Сапаны арттырудың ішкі жүйесі (САІЖ) бойынша сараптамалық комиссия құрылған, ол бекітілген Ереже бойынша қызмет атқарады.

Аудит барысында басшылықпен кездесу кезінде Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру БББ мазмұнын, оқу, ғылыми, әдістемелік жұмысты жетілдірудегі Академиялық кеңес, сапа кеңесі, академиялық комитет, САІЖ комиссиясының, кафедра жиыны өткізілетіні айтылды. Білім сапасын арттырудың ішкі жүйесі бойынша нұсқаулық барлық қызметкерге таныс. Университет өз қызметінде «Академиялық адалдық кодексі»**,** «Тұран-Астана» университеті қызметкерлері мен білім алушыларының академиялық адалдық кодексі»; «Білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары»; А»кадемиялық саясат», университеттің жаңартылған «Еңбек (ішкі) тәртібі ережелеріне» сүйенеді.

Университет қызметін бағалау мүдделі тұлғалардың тұрақты сауалнамасы негізінде жүзеге асырылады, соның ішінде «Студенттердің оқытушы туралы көзқарасы», «Білім алушының білім беру бағдарламаларының сапасына қанағаттануы» атты сауалнама жүргізіледі.

Университеттің 2020-2025 жылдарға арналған Даму стратегиясы 29.12.2019 ж. қабылданған, кафедралар мен құрылымдық бөлімшелердің жылдық жұмыс жоспарларын әзірлеу үшін негіз болып табылады. «Тұран-Астана» университетінің 2021-2025 жылдарға арналған стратегиялық жоспары 4 бағытты, мақсаттарды, міндеттерді, тікелей нәтижелер көрсеткіштерін қамтиды.

Жоғары стандартты айқындайтын Корпоративтік мәдениет негіздері қалыптастырылған. Академиялық орта «Білім алушы-оқытушы», «Білім алушы-қызметкер» қарым-қатынасын сақтауды негізге алады. Барлық білім алушы, оқытушы-қызметкер үшін Академиялық адалдық қағидаты ЖОО-нын дамыту бағыты ретінде түсінілетіні көрінді.

Сарапшылар университеттің құжаттарын қарастыру барысында магистранттардың әлеуметтік құзыреттіліктерін бағалау жүйесін айқындау, SSCI есепке алу тәртібін айқындау мақсатында «Білім алушылардың әлеуметтік құзыреттіліктерін бағалау жүйесі (SSCI) туралы ереже» енгізілгеніне көз жеткізді Әлеуметтік құзыреттілікті бағалау жүйесі пилоттық тәртіппен интегралды GPA, оның ішінде SSCI енгізу негізінде белгіленеді (https://drive.google.com). Магистранттармен сұхбаттасы барысында академиялық адалдықты бұзу анықталғанда, академиялық адалдық пен әдеп мәселесі көтерілгенде, жағдайды шешу Тәртіптік кеңес модераторы арқылы қарастырылатыны анықталды.

ЖОО-ның 2020-2025 жылдарға арналған Даму бағытының (стратегиясының) 9-бөлімінің 1-мақсат, 7-тармағы бойынша академиялық адалдық сақтау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресу мақсатында 2022-2023 оқу жылында «Академиялық адалдық лигасына» кіру шешімі қабылданған.

Тексеру нәтижесінде «Тұран-Астана» университетінің ұлттық және салалық біліктілік шеңберіне сәйкес келетін жеке тұлғаның кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған бағдарламалар үшін академиялық саясат ұстанатыны көрінді. «Тұран-Астана» университетінің академиялық саясаты білім беру үдерісін ұйымдастыру тәртібін айқындайды. Жұмыс беруші мамандармен кездесуде, университет өкілдерімен кездесуде мамандыққа сыртқы мүдделі тараптар «Тұран-Астана» университеті түлектерінің қауымдастығы» қоғамдық бірлестігіне тартылатыны айтылды.

«Тұран-Астана» университетінде оқу материалын тиімді игеру, түрлі көзқарасты қабылдау, қабілет дамыту, бірлесіп жұмыс істеуде қатығысты шешу, ынтымақтастық үшін шағын топта оқыту мүмкіндігі жасалған. Академиялық саясатқа сәйкес кемсітушілік жағдай Тәртіптік кеңесте қаралады, кеңесте қабылдаған шешім ректордың тиісті бұйрығын шығаруға негіз болып табылатыны кездесуде түсіндірілді.

Кездесу барысында университетте ұжымдық моральдық-психологиялық жағдай қалыпты екені айтылды. Жанжалды жағдайды шешу не алдын алу үшін әдеп ережесін ауызша айтылғанмен, нақты қағаз жүзіндегі, электронды түрі ұсынылмады. Білім беру-алу үдерісіндегі Әдеп нормасын түсіндіретін (академиялық саясат, кадрлық саясат, ішкі тәртіп ережесі туралы) ішкі құжаттар сайтта орыс тіліндегі бөлімде қойылған, қазақ тілінде кездеспеді Жалпы университетте құжат айналымы орыс тілінде жүретіні байқалды.

***Оң тәжірибе:*** Академиялық адалдық сақтау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресу мақсатында Академиялық адалдық лигасына кіру шешімі қабылданып, лига стандарттарына сәйкес болу мақсатында жоспарлы жұмыс жүргізілуде

***Жақсарту үшін облыстар***:

1. Жоспарланған іс-шаралардың орындалуын растайтын дәлелді құжаттарды уақтылы және міндетті рәсімдеуге назар аудару;
2. Университетте іс қағаздарын қазақ тілінде жүргізуді қамтамасыз ету

**1-стандарт бойынша сәйкестік деңгейі - толық сәйкестік**

## *2-стандарт. Білім беру бағдарламаларын әзірлеу, бекіту және ақпаратты басқару*

**Дәлел және талдау:**

«Тұран-Астана» университетінде маман даярлаудың үш деңгейлі үлгісі – бакалавр – магистратура – докторантура қалыптастырылған. Білім БББ-ның кредиттік оқыту технологиясы аясында игертіледі. Бакалавриатта оқытылатын пәндер – магистратурада – докторантурада – логикалық жалғасын табады. 7M01702 «Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ-сын дайындап орындау білім беруді реттейтін Жоғары және Жоғары оқу орнынан кейінгі Білім саласындағы республикалық деңгейдегі НҚА-ға қатаң сәйкестікте: «Білім туралы» ҚР Заңы, ҚР БҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген (ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 19 қаңтардағы № 21 бұйрығымен жаңа редакцияда) Жоғары және Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің МЖББС-ы, Білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары, ҚР ҰҚМ басқа да нормативтік-құқықтық құжаттары бойынша орындалады.

«Тұран-Астана» университетінде 7M01702 «Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ-сын дайындап, іске асыру БББ деректері бойынша кәсіби стандарттың көзделмеуіне байланысты Ұлттық біліктілікке негізделеп жүргізілетіні анықталды.

Аталған мамандық бойынша Білім беру бағдарламасы еңбек нарығының қажеттіліктерін, Республикалық атқарушы билік органдарының талаптарын, Жоғары білімнің МЖБС-ы негізіндегі салалық талаптары, АСК, ББ бейіні бойынша жұмыс берушілердің ұсыныстары ескеріліп әзірленген, бекітілген құжаттар жүйесі болып табылады. БББ-лары ҚР заңнамасына («Білім туралы» Заңға, «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңға), МЖБС-ға, сондай-ақ университеттің стратегиясы мен миссиясына, еңбек нарығының қажеттіліктері ескеріліп, сапа саясаты мен мақсатына қатаң негізделеп дайындалған. БББ мазмұны Астана қаласы мен өңірдің тиісті дайындық деңгейлері мен қажеттіліктеріне қарай және оқытудың белгілі бір нәтижесіне, тиісті білім деңгейінің Дублиндік дескрипторына сәйкес құзыреттілікке қол жеткізуге бағытталған.

7M01702 «Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ-сы 20.07.2022 жылғы №2 МЖӘБС негізінде, кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру қағидалары, басшылар, мамандар, басқа да қызмет лауазымдарының біліктілік анықтамалығы; «Атамекен» ҚР ҰКП Басқарма төрағасының орынбасарының бұйрығымен бекітілген (26.01.2021 ж. №14) «Қазақ тілі мен әдебиеті» кәсіби стандарты негізінде жасалған. 7M01702 «Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ-сы 3 (бөлімнен) тұрады:

- Білім беру бағдарламасының паспорты
- Пәндердің көмегімен білім беру бағдарламасы бойынша қалыптасқан оқу нәтижелеріне қолжеткізу матрицасы
- Білім беру бағдарламасының мазмұны (Оқу жоспары).

Магистратура дуальды оқытумен жүргізіледі. Бұл БББ-сын әзірлеген кафедра өкілдерімен, сондай-ақ тиісті құрылымдық бөлімшелердің басшылығымен кездесу барысында анықталған. Олар үздіксіз кәсіптік қызмет пен жұмыс тәжірибесіне байланысты магистранттардың оқуы тиімді болатынын жеткізді. Кәсіби қызметтен қол үзбей білім алуды үйлестіру «Тәжірибеден өту. Мансап. Жұмыспен қамту» орталығы (ТМЖО) арқылы жүргізіледі. 7М01702 «Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ-сын игеруде магистрлер кәсіби қызметте теориялық білімдерін таныта отырып, қажетті ақпаратты қабылдай, талдай, түсіндіре, қорытындылай, бағалай, ұсына білуі, іс жүзінде қолдана білуі тиіс.

БББ құрастырып, тиісті талап-ереже бойынша жасап дайындау үшін жұмыс тобы (жұмыс берушілер, жетекші ғалым, тәжірибелі маман, оқытушылар) құрылған. ӘГҒТП кафедрасынан 7М01702 «Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ-сын дайындау жұмыс тобы мүшелері: кафедра меңгерушісі және БББ жетекшісі – А.Б.Донбаева, тәжірибелі оқытушылар – В.А.Шнайдер, Г.Т.Карипжанова, Ж.М.Искакова, Е.Кеңес, А.Қ. Ибрайханова, Ж.Н Алашбаева, Г К Жүсіпова, жұмыс берушілер – А.Ақтанова, Ж.М.Искакова, Д.М.Джумуратова, т.б. Білім беру бағдарламаларының мазмұны тиісті өкілдермен (Ы.Алтынсарин ат.Ұлттық білім академиясының «Қазақ тілі», «Қазақ әдебиеті», «Қазақстан тарихы» зертханасының меңгерушісі, филология ғылым.кандидаты – А.Ақтанова, Ш.Шаяхметов ат.КеАҚ-ының әдістеме басқарма басшысы – Ж.М.Искакова, М.Шоқай ат.№51-мектеп-гимназия директоры – Д.М.Джумартова) кездесуде талқыланады.

7М01702 «Қазақ тілі мен әдебиеті БББ-сы мен Даму жоспары кафедра отырысында қаралып, жұмыс берушілерге жіберіледі. Жұмыс берушілер ұсынысымен 7М01702 Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ-ның оқу жоспарына (2023-2024 оқу жылына) «Тілді жоғары мектепте оқыту әдістемесі»; «Әдебиетті жоғары мектепте оқыту әдістемесі»; «Білім беру зерттеулеріне кіріспе» элективті пәндер енгізілген. Жалпы БББ-сын жасау, іске асырып, бағалау кезеңі ашық өтеді. Бұған білім алушылардың өздері де қатысады.

7М01702 «Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ-сы білім алушылардың кәсіби тәжірибеден өтуді Жұмыс жоспары мен Академиялық күнтізбеге, Тәжірибеден өткізу бағдарламасына негіздеп ұйымдастырады. Тәжірибеден өту базасы білім беру мекемелерімен, кәсіпорындармен жасалатын шарттар негізінде белгіленеді Оқу үдерісінде білім алушылар БББ-сы бойынша Мемлекеттік жалпыға міндетті Білім беру стандартымен кәсіби тәжірибе түрлерінен өтеді. Білім алушы Тәжірибеден өтуді орындау үшін қажетті теориялық базалық курсты игеру керек; тәжірибебен өту түрі білім алушының ЖОЖ-на енгізіледі.

7М01702 «Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ-сы маман даярлауда ӘГҒТП кафедрасы жақын және алыс шетелдердің жоғары оқу орындарымен, қоғамдық білім беру ұйымдарымен және ғылыми орталықтармен екі және көпжақты келісімшарт негізінде Түркия елінің Эрджиес университетімен серіктестік орнаған. Білім алушының құзыреттілігі мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында магистранттар Эрджиес университетінде арнайы тағылымдамадан өтеді (Г.Шайхина, М.Ділдақан магистранттары 2024 жылы өткен).

Университетте https://turan-edu.kz ресми сайты бар, ЖОО қызметі туралы жалпы ақпарат, БББ бойынша, жалпы ОПҚ туралы орыс тілді бөлімінде кең

берілген. ӘГҒТП кафедрасының корпоративтік электрондық поштасы жұмыс істейді: kafedra_tau@mail.ru. кафедра парақшасында 7М01702 «Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ стратегиясы мен мақсаттары туралы ақпарат орналастырылған.

Есепте «Пайдаланушыларды» 7М01702 «Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ-сы хабардар ету білім беру порталында жүзеге асырылады (https://tau-edu.kz/content/obrazovatelnye-programmy)» деген, бірақ қазақ тілді бөлімде кездеспеді.

«Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар және тілдік пәндер» кафедрасынан 7М01702 «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша Білім беру бағдарламасы Қосымшада қолжазба түрінде берілді, хаттамамен бекітілген түрі ұсынылмады. Қолжазбада аталған Білім беру бағдарламасы бірден үш тілде; үш бөлім бойынша жазылып құрастырылған. 7М01702 «Қазақ тілі мен әдебиеті» Білім беру бағдарламасы бойынша маман даярлауда миссиясы мен мақсатын айқындалған. 7М01702 «Қазақ тілі мен әдебиеті» Білім беру бағдарламасының миссиясы – қазіргі ғылым мен білімнің сұранысына жауап беретін белсенді, шығармашылық қабілеті жоғары, креативті ойлайтын мамандарды дайындау. Бұл мәлімет Білім беру бағдарламасын Дамыту жоспарында берілген  Көрсетілген Білім беру бағдарламасының мақсаты «Іргелі ғылыми және кәсіби лингвистикалық білімге ие, кәсіби мамандығы бойынша ғылыми ақпаратты игеріп және қолдана білетін, заманауи ақпараттық технологияларды меңгерген, басқару және зерттеу қызметін табысты атқара алатын қазіргі ғылыми және практикалық мәселелерді шеше және құра білетін, кәсіби деңгейде ізденіс бағыттағы мамандарды дайындау болып табылатыны айтылған.

Ал «Біліктілік пен лауазымдық тізімі 7М01702 «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша оқу аяқтаған магистрантқа 7М01702 «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының педагогика ғылымдарының магистрі дәрежесі беріледі» деп көрсетілген. Бұл бағытты бітірген магистранттар түрлі меншікті ұйымдарда қызмет атқарып, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізе алатыны айтылған. Сонымен бірге «Кәсіби қызмет саласы»; Кәсіби қызмет нысаны бойынша «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығын бітіруші магистр кәсіби қызметін жалпы білім беру ұйымдарында; техникалық және кәсіптік, жоғары оқу орындарында; ғылыми-зерттеу және жобалау-сынақтау мекемелерінде; басқару саласында; білім беру-тәрбиелеу мекемелерінде істей алатыны тізбектеліп берілген.

7М01702 «Қазақ тілі мен әдебиеті» Білім беру бағдарламасы бойынша ғылыми-педагогоикалық бағыттағы бітіруші магистрдің кәсіби қызметін білім беру (педагогикалық) мекемелерінде (мектеп, лицей, гимназия, орта және жоғары оқу орындарында) «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні мұғалімі болып жұмыс істейтіні; ғылыми-зерттеу; әдеби-шығармашылық; ұйымдастыру-басқару жұмысын атқара алатыны туралы баяндалған.

Оқу жоспары мен Білім беру бағдараламасы бойынша 7М0170 « Қазақ тілі мен әдебиеті» Білім беру бағдарламасымен білім алушылар педагогоикалық ғылымдар магистрі дәржесін алатыны көрсетіліп берілген Магистрлік диссертация тақырыптары тіл ғылымы мен әдебиет теориясы бойынша бекітіліп, жазылып қорғалған**.** Оқу жылы екі құжатта «2 жыл» деп берілсе, «Білім беру бағдараламасын Дамыту жоспарында» «4 жыл» деп жазылған.

Университеттің ресми сайтында осы оқу орны туралы тек ақпарат бар, ректордың блогі жұмыс істейді. Сайтта талапкерлер үшін оқу үдерісі, халықаралық ынтымақтастық, ғылыми зерттеулер туралы ақпарат ұсынылған, соңғы жаңалықтар жарияланады, байланыс жасау мәліметі, кафедра беттеріне сілтеме берілген, бірақ қазақ тілінде жеткілікті емес.

***Ескерту:***

- 7М01702 -«Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша оқыту түрі Бағдарламада, Дамыту жоспарында, Оқу жоспарында әртүрлі берілген;
- Білім беру бағдарламасы білім беру бағдарламаларын әзірлеудің белгіленген ережелеріне сәйкес рәсімделмеген.

***Жақсарту үшін облыстар:***

- 7М01702 «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша барлық нормативтік құжаттарда білім беру бағдарламасы бойынша оқытудың түрі мен мерзімі туралы ақпаратты бірыңғай сәйкестікке келтіру;
- 7М01702 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасын білім беру бағдарламаларын әзірлеудің белгіленген ережелеріне сәйкес ресімделуін реттеу.

**2-стандарт бойынша сәйкестік деңгейі: айтарлықтай сәйкестік.**

***3-стандарт. Студентке бейімдетілген оқыту, сабақ беру, бағалау***

**Дәлел және талдау:**

«Тұран-Астана» университетінде Білім беруді ұйымдастыру ESG-1.3 стандарты негізге жүзеге асырылады. «Тұран-Астана» университетінің Даму стратегиясында Студентке бейімдетілген оқыту жүйесі (СБОЖ) қабылданған. Университетте СБОЖ-імен оқыту 3 тілде жүргізіледі. ЖОО білім алушыға ЖОЖ-ны құруға, таңдауға, эдвайзер көмегімен оқыту траекториясын таңдауға мүмкіндік берілген; білімді бақылау мен бағалау үшін деңгейлік ұпайлық бағалау жүйесі (ДҰБЖ) белгіленген. Университетте білім алушының тиімді ілгерілеуін ұйымдастыру үшін эдвайзер жұмысы туралы Ереже жазылып, бекітілген. Білім беру технологиясы, Білім беру порталы, Қашықтықтан оқыту түрі қарастырылған. Сонымен бірге Білім алушылар ақпараттық материалдармен міндетті түрде қамтамасыз етіледі, соның ішінді Анықтамалық нұсқаулық; академиялық күнтізбе; жеке оқу жоспары, элективті пәндер каталогі; Магистранттың оқу бағдарламасы (Syllabus).

Сонымен қатар есепте магистранттардың оқу жүктемесі жылына 60 кредиттік көлемде есептелетіні жазылған. Білім алушы 1 (бір) семестрде 20-дан 35 кредитке дейінгі көлемде модуль пәнін таңдайды. Есепте ақылы негізде білім алушылар төлемге, оқыту нысанына, жеке қабілетіне қарай тиісті деңгейдегі (20 кредиттен бастап) Білім беру бағдарламасын игеру үшін белгіленгеннен төмен кредит таңдап, ЖОЖ қалыптастыратыны, бұл жағдайда оқу мерзімі ұлғаятыны айтылған.Оқу-әдістемелік құралдар университет кітапханасында, «Platonus» ААЖ порталына

қойылып, пән бойынша ақпарат беріледі. TAU-bilim порталында бейне-дәрістер орналастырылған (http://bilim.tau-edu.kz/video/).

*7М01702 «Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ-сында оқытындардың еркін, жеке тұлға, кәсіби жақтан өсуі, дербес пікірі бойынша қажеттіліктері үнемі қадағаланады. Пән бойынша ақпарат силлабуста көрсетіледі, онда білім алушыларды бағалау өлшемдері, білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылау түрлері, емтихан нысаны, оқытушының байланыс деректері бойынша ақпарат жазылады.* 7М01702 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ бойынша кафедра оқытушылары инновациялық оқыту әдістерін қолданады. Қолжетімді әдіс ретінде электрондық оқулықты пайдалану жолға қойылған. Электронды оқулық көмегімен мәтін тыңдау, оқу, сөйлеу әрекеттерін орындап, грамматикалық, лексикалық, дыбыстап айту дағдыларын жетілдіретіні магистранттармен сұхбат барысында көрінді. Тәжірибе алмасу аясында ОПҚ басқа оқу орнынан тәжірибелі мамандарды шақыртып, ашық іс-шара, шеберлік сабағын өткізеді, заманауи технологиямен оқытудың әдістерін көрсетеді («Семей» университетінің профессоры А.Ақтанова, Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ профессоры М.С. Оразбек дәріс өткізген). ӘГҒТП кафедрасының профессорлары Г.Жүсіпова, Ж.Алашбаева магистранттарға «Әдеби зерттеулердің теориялық әдіснамалық негіздері», «Тіл тарихы дәуірінің ғылыми негіздері» пәндерінен ашық сабақ өткізген, «Поэзиядағы сөз бейнелілігі», «Тіл білімінің басқа ғылымдарымен байланысы, олардың дәуірлердегі көрінісі» атты интегративті дәріс берген; ЖАОК бойынша бейне дәрістер жинақталған.

Университеттің өзін өзі бағалау есбенінде емтихан қабылдау реттетілгені айтылған. Тест тапсырмалары жыл сайын 30%-50%-ға жаңартылады.Т ест тапсырмалары кафедрада ішкі тексеруден өтеді, «Platonus» ААЖ бағдарламасында оқытушылар оқылатын пәндер бойынша тестілеуден өтеді, тексеру қорытындысы бойынша әрбір емтихан материалына жарамдылық актісі жасалады. 7М01702 «Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ-сы Академиялық кеңесте қабылданған үлгерімдік ауыспалы орташа ұпайдың (GPA) мәнін негізге алып отырады. Қорытынды аттестаттау мемлекеттік емтихан тапсыру, магистрлік диссертация қорғау түрінде өтеді. 7М01702 «Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ-сы бойынша білім алушыларды даярлаудың жалпы деңгейі ЖОО түлектеріне қойылатын заманауи талаптарға сәйкес келеді. Қорытынды аттестаттаудың білім сапасы 89,4% -96% құрайды, бұл теориялық білімнің жеткілікті жоғары деңгейін көрсетеді.

7М01702 «Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ-сы магистранттарының диссертациялық жұмыс дайындауда, зерттеулік мақала жариялау, ғылыми-практикалық конференцияға қатысу, ғылыми мақала мен тезис жазуда ғылыми зерттеу жүргізуге мүмкіндігі бар. СБОЖ-і бойынша студенттердің оқу сапасына қанағаттануы туралы сауалнама жүреді. Мониторинг нәтижелері кафедрада қаралып, талқыланады, тілек-қажеттіліктер ескеріледі, БББ-сын жасауда көңіл бөлінеді.

Университетте академиялық ұтқырлық бағдарламасы жұмыс істейді: шетелдік жоғары оқу орындарында сыртқы (халықаралық) оқудан өту және жетекші қазақстандық жоғары оқу орындарында ішкі (ұлттық) оқу қаралған. Сыртқы байланыстар және қабылдау комиссиясы департаменті Қазақстанның, жақын/алыс шетелдердің жоғары оқу орындарында академиялық ұтқырлықты ұйымдастырады.

7М01702–«Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ-сы үшін Түркия, университеттерімен тұрақты байланыс жүргізілуде. Академиялық ұтқырлық пәндері бойынша ғылыми тағылымдамадан өту және кредит есептеу ішкі НҚА сәйкес жүзеге асырылады (https://tau-edu.kz/content/akademiceskaa-mobilnost-studentov-tau.

«Тұран-Астана» университетінде СБОЖ-ін жүзеге асыру үшін ОПҚ-ға «Заманауи педагогикалық технология», «Оқыту мен оқуда белсенді әдіс-тәсілдерді қолдану», «Интербелсенді әдістерді қолданудың әдістемелік негіздері» тақырыбында «NIS» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығының Кембридж Халықаралық сараптамалық кеңесінің сертификатталған жаттықтырушыларымен семинар-тренингтер өткізілген.

СБОЖ-сін енгізу нәтижесі ретінде университет оқытуды дараландыруды, студенттерді білімді белсенді игеруге тартуды, білім беру үдерісінің тиімділігі мен сапасын арттыруды қарастырады. Кафедрада студентке бейімдетілген оқытуды талап-ереже бойынша жүргізуді ұстанады. Арнайы оқу аудиториялары, лингофондық кабинет, оқулықтармен қамтамсыз ету, дуалды оқыту белгілері кірістірілген. Бірақ магистранттар үшін нақты бейімдетілген оқыту жүйесің жеткіліксіз екені аңғарылады. Оны кафедрада магистранттарға сабақ беретін ОПҚ-нан, бірнеше мамандықтың бір кафедраға кіріктірілуінен байқаймыз.

Сонымен бірге, магистранттарға арнайы кәсіби бағыттық пәндерден ғылыми атағы бар оқытушылардан басқа (филология ғылымының кандидаты, профессор Жүсіпова Г.Қ., филология ғылымының кандидаты, профессор Умирзакова Л.А., филология ғылымының кандидаты, доцент Галямова Ж.К.) магистр аға оқытушылар (Мұратова А.Н., Ыбырайханова А.Қ) сабақ беретіні анықталды.

СБОЖ-сінің талабы бойынша магистранттардың ғылыми зерттеулік жұмыс жүргізуге бағыттау, зерттеу жүргізе алу жұмысы оқытушылар тарапынан қолдау берілетіні байқалды. Магистранттар жетекшілерімен, оқытушылармен бірлесіп ғылыми зерттеу нәтижесін түрлі ғылыми конференця жинағында баяндамалық мақала, ғылыми журналда ғылыми мақала түрінде жариялайтыны көрінді. Бұл университеттің өзін-өзі бағалау есебінін 4.3-қосымшасында көрсетілген. Есепте білім алушылардың академиялық ұтқырлық бағдарламасына қатысатыны, ғылыми және тиісті салалық, қызметтік ұйымдарда, шетелдік ұйымдарда ғылыми тағылымдамадан өтетіні, жалпы адемиялық ұтқырлық бойынша жұмыс жүргізілетін айтылған, бірақ 7М01702 «Қазақ тілі мен әдебиеті» бойынша магистранттарға қатысты ұтқырлық туралы нақты мәлімет көрінбеді. Қай пәннен қай оқытушы сабақ жүргізетіні туралы ауызша сұхбаттасуда анықталды. Оқытушылармен сұхбаттасуда 2 оқу бағдарламасы (силлабус) тексеріліп (проф.Жүсіпова Г.Қ.)., силлабустардың талапқа сай екені анықталды.

***Ескерту:***

1. Бір кафедрада бірнеше оқу бағыттарының интеграциялануына байланысты 7М01702 «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша магистранттарды даярлау жүйесі бағдарламаның ерекшеліктеріне жеткілікті түрде бейімделмеген.

***Жақсарту үшін облыстар:***

1. 7M01702 «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша оқыту жүйесінің тиімділігін арттыру және бағдарлама ерекшелігіне сай бейімдеуді нақтылау үшін:

- 7M01702 «Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ бойынша білім алушаларды нарық қажеттіліктеріне бейімдеу мақсатында оқу барысында профессор-оқытушылар құрамы мен бітіруші түлектермен кері байланыс жасау арқылы БББ-ның оқу нәтижелерін уақытылы оңтайландыру;
- Кәсіби және ғылыми білім беру сапасын арттыру мен «Қазақ тілі мен әдебиеті» саласындағы ғылыми-әдістемелік зерттеулерді күшейту үшін «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша мамандандырылған кафедра құру ұсынылады.

**3-стандарт бойынша сәйкестік деңгейі – айтарлықтай сәйкестік.**

***4-стандарт. Студенттерді қабылдау, оқу үлгерімі, тану және сертификаттау***

**Дәлел және талдау:**

«Тұран-Астана» университетінде магистратура бойынша білім алушылар қбылдау тәртібі «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі БББ-сын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына» сәйкес жүзеге асырылады. Жоғары Білім беру бағдарламасы бойынша «Тұран-Астана» университетіне магистратураға оқуға жоғары (жоғары кәсіптік) білімі бар адамдар қабылданады; мемлекеттік білім беру тапсырысы (білім беру гранттарын) арқылы, азаматтардың өз қаражаты, өзге де қаражат көзі есебінен оқуға ақы төлеу арқылы жүзеге асырылады.

Білім алушыны БББ ерекшелігі туралы хабардар ету ЖОО сайты арқылы жүзеге асырылады (https://tau-edu.kz/content/casto-zadavaemye-voprosy).

БББ бойынша түсу емтихандарын өткізу бағдарламасы мен кестесін (емтихан өткізу нысаны, өткізілетін күні, уақыты мен орны, консультациялар) қабылдау комиссиясының төрағасы дайындап, бекітеді, түсу емтиханы басталғанға дейін 3 күн бұрын түсушілерге жеткізіледі. БББ топтары бойынша түсу емтихандары бейне/аудио жазбамен жабдықталған бөлмелерде өткізіледі.

Түсу емтиханын өткізу қорытындылары бағалау тізімдемесімен, комиссия хаттамасымен еркін нысанда ресімделеді, олар нәтижелерді жариялау үшін қабылдау комиссиясының жауапты хатшысына (орынбасарына) беріледі. Комиссия хаттамасына комиссия төрағасы және оған қатысып отырған барлық мүшелер қол қояды. Түсу емтихандарының нәтижелері олар өткізілген күні жарияланады.Университет 10 күнтізбелік күн ішінде білім беру саласындағы уәкілетті органдарға қабылдауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі қорытынды есепті, сондай-ақ мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша қабылдау туралы бұйрықтардың көшірмелерін ұсынады. Контингентінің өзгерісі (оқудан шығару, қалпына келтіру, ауыстыру және т.б.) университет ректорының бұйрығымен бекітіледі.

Кәсіптік бағдар беру жұмыстары оқу жылы бойы жүргізіледі: Ашық есік күндері, ғылыми жобалар конкурстары, шеберлік сыныптары, көшпелі іс-шаралар ұйымдастырылады. Талапкерлерді уақтылы және толық ақпараттандыру мамандық пен университетті дұрыс таңдауға ықпал етеді. Талапкерлер мен олардың ата-аналары үшін ББ ерекшеліктері, сондай-ақ болашақ кәсіби қызметі туралы ақпаратты қамтитын қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі анықтамалық буклеттер дайындалған. Магистранттарды қабылдаудың тұрақтылығы білім беру бағдарламаларына талапкерлерді сапалы қабылдауды жүзеге асыруға бағытталған кәсіптік бағдар беру жұмысы жөніндегі іс-шаралар кешенімен қамтамасыз етіледі. Жыл сайын білім беру бағдараламсы бойынша магистранттар контингенті өсіп келеді.

ӘҒҒТП кафедрасына қатысты 7М01702 -«Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ-сы бойынша «Мәшһүртану» ғылыми-практикалық үйірмесі жұмыс істейді. Ғылыми үйірменің тиімді жұмыс істеуіне дәлел білім алушылардың мақалалық нәтижелерінің көрсеткіштері болып табылады. Жүргізілген зерттеулердің нәтижелері бойынша студенттер, магистранттар ҰБШ отырыстарында, дөңгелек үстелдерде, халықаралық және республикалық студенттік конференцияларда баяндама жасайды. 7М01702 «Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ-сы бойынша кафедрада 5 оқытушы сабақ жүргізеді. Аудит барысында сұралған бұйрыққа сәйкес 2023-24 оқу жылында 6 (алты) магистрант оқитыны анықталды. Олар, (ҚТӘ-23/1 тобы), Қанағат Қарлығаш Русланқызы, Әбіш Алуа Ердосқызы, Сансызбаев Аңсат, Мұхамеджан Аружан, Усманова Айгерім, Айтжанова Диана. Алайда университетің өзін өзі бағалау есебінде магистратура бойынша магистранттардың соңғы 5 жылдағы төмендегідей динамикасы көрсетілген:

| Білім беру бағдарламасы | 2019 - 2020 | 2020 - 2021 | 2021-2022 | 2022-2023 | 2023-2024 |
|---|---|---|---|---|---|
| 7М01702 «Қазақ тілі мен әдебиеті» | 22 | 49 | 51 | 43 | 55 |

Сонымен қатар, өзін өзі бағалау есебінің қосымшасында 2022-2023 оқу жылының «Ғылыми жетекшілерді тағайындау және магистрлік диссертациялардың тақырыптарын бекіту туралы» 27.10.2023 жылдағы № Уп-605 бұйрығына сәйкес 7М01702- «Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ-сы бойынша 13 магистранттың диссертация тақырыптары бекітілген.

| № | Магистранттың аты-жөні | Магистерлік диссертация тақырыбы | Ғылыми жетекшісі |
|---|---|---|---|
| 1 | Айтжанова Диана Бауыржанжанқызы | Қазақ тіліндегі деривация мен реконструкцияның ерекшеліктері | ф.ғ.к., доцент Донбаева А.Б. |
| 2 | Алишбекова Айнур Аманкелдикызы | М.Қашқаридың «Диуани Лұғат ат-Түрк» еңбегіндегі етіс категориясының қолданылу ерекшеліктері | ф.ғ.к., доцент Донбаева А.Б. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 3 | Әбіш Алуа Ердосқызы | Қазақ тіліндегі полисемияның семантикалық құрылымы | ф.ғ.к., доцент Донбаева А.Б. |
| 4 | Бақытбек Айдана | «Тағдыр. Маңдай» концептілі лексика-семантикалық ерекшіліктері | ф.ғ.к., доцент Донбаева А.Б. |
| 5 | Қанагат Карлыгаш Русланкызы | Мақал-мәтелдердегі деформация түрлері | ф.ғ.к., доцент Донбаева А.Б. |
| 6 | Мәжіт Нұртай | Қазақ паремияларының салғастырмалы және салыстырмалы зерттелу ерекшеліктері | ф.ғ.к., доцент Донбаева А.Б. |
| 7 | Мухамеджан Аружан Санатқызы | Мәдениетаралық коммуникациядағы іскери қазақ тілінің лингвистикалық ерекшеліктері | ф.ғ.к., доцент Донбаева А.Б. |
| 8 | Сансызбаев Ансат Серикович | Сөзжасамдық уәждеме: когнитивті-семантикалық модель | ф.ғ.к., доцент Донбаева А.Б. |
| 9 | Тоқтамыс Әйгерім | Паремиологиялық бірліктердің ұлттық-мәдени және когнитивті-семантикалық табиғатындағы ұқсастықтары мен ерекшеліктер типологиясы | ф.ғ.к., доцент Донбаева А.Б. |
| 10 | Токенова Динара Мухитовна | Мақал-мәтелдердегі паремиологиялық эквиваленттілік | ф.ғ.к., доцент Донбаева А.Б. |
| 11 | Туркменбаева Жулдыз Бахтыбаевна | «Адамның жүзі» концептосферасының вербализациялануы | ф.ғ.к., доцент Донбаева А.Б. |
| 12 | Шәріпова Венера | Әлемнің концептуалды және лингвистикалық бейнесі | ф.ғ.к., доцент Донбаева А.Б. |
| 13 | Усманова Айкерим Кайратовна | Салыстырмалы лингвистикадағы фразеологизмдерді зерттеудің когнитивті тәсілі | ф.ғ.к., доцент Донбаева А.Б. |

Кафедра меңгерушісімен сұхбаттасу кезінде магистранттар санының 20-25 екені айтылды.

Аудит кезінде магистранттар контингенті бойынша деректердің ішкі құжаттарда және университеттің өзін-өзі бағалау жөніндегі есебінде сәйкессіздіктер байқалады.

***Ескерту:***

- 7M01702 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша оқитын магистранттар туралы ақпарат университеттің ішкі құжаттарында жүйеленбегендіктен, нақты сандық қорытынды жасауға мүмкіндік болмады;

- 7М01702 «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша білім алушылардың магистрлік диссертация тақырыптары педагогикалық ғылым магистрі біліктілігіне сәйкестігін нақтылау қажет.

***Жақсарту үшін облыстар:***

- 7М01702 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша магистранттар туралы ақпараттың дұрыстығы мен біркелкілігін қамтамасыз ету мақсатында ақпаратты жүйелендіріп, университеттің ішкі құжаттарында дұрыс көрсету керек;
- 7М01702 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы педагогикалық бағытта болғандықтан магистранттарға тіл мен әдебиет саласынан магистрлік диссертация тақырыптары ғылыми әдістемелік, педагогикалық мазмұнда берілуін қадағалауды қолға алу.

**4-стандарт бойынша сәйкестік деңгейі - айтарлықтай сәйкестік**

***5-стандарт. Оқытушы-профессорлар құрамының сапасы***

**Дәлел және талдау:**

«Тұран-Астана» университетінде ОПҚ-ды іріктеу университеттің Академиялық кеңесінде бекітілген (27.01.2021 ж. №7 хаттама https://TAU-edu. kz/content/hr-sluzba) университеттің Кадр саясаты туралы ережесі (5.1-қосымша) бойынша жүргізіледі. Кадр саясатының негізгі мақсаты – университетті біліктілік талабына лайық келетін мамандармен дер кезінде толықтыру.Негізгі ережелер «Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген адамдар лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары», «ОПҚ және жоғары оқу орынының ғылыми қызметкерлері лауазымдарына конкурстық орналасу қағидаларын бекіту туралы» ереже негізінде белгіленеді. Университеттің Кадр саясаты ҚР –сының қолданыстағы заңнама талаптарына – ҚР Еңбек кодексіне, университет Жарғысына, Корпоративтік мәдениет кодексіне, Ішкі еңбек тәртібі ережелеріне сай келеді.

Профессорлық-оқытушылық құрамды қабылдау конкурстық негізде жүзеге асырылады. Конкурс өткізу, оқытушы-професорлық құрамға, ғылыми қызметкерлікке бос лауазым бар екені туралы ақпарат https://tau-edu.kz/vacancy, «HeadHunter-hh.kz» онлайн-порталында, электрондық еңбек биржасының және /немесе республикалық мерзімді баспасөзде («Қазақстан ақиқаты», «Егемен Қазақстан», т.б.) құжат қабылдау аяқталатын күнге дейін, кемінде күнтізбелік отыз күн бұрын жарияланады.

ОПҚ-ның біліктіліктілігін арттыру үшін кафедрада жыл сайын Біліктілік арттыру бағыты жоспарға қойылады.Біліктілікті арттыру бағыттарына теориялық білімді тереңдету, әдіснамалық мәдениетті қалыптастырып, жетілдіру, педагогикалық шеберлікті жетілдіру, оқыту әдістерін игеру; т.б. болып табылады. ОПҚ туралы мәлімет университет сайтында кафедра туралы бөлімде орналастырылған. Кафедра бойынша жалпы сағат саны бойынша толық жүктемемен жұмыс істейтін оқытушының оқу жүктемесінің көлемі – 600-680 сағат. Кафедра

бойынша оқу пәндері Академиялық (Ғылыми) кеңес шешімімен бекітіледі. ОПҚ, бөлім қызметкерлері ай сайын оқу,оқу-әдістемелік, ғылыми жұмыс, БББ-сының дамуына қосқан үлестері туралы есеп тапсырады. Қызметкерлердің KPI кафедра, мектеп, құрылымдық бөлімше деңгейінде орындалатын қызметіне сай белгіленеді.

Жалпы ОПҚ-ның академиялық біліктілігі оқу бағдарламасының кәсіби талаптары мен міндеттеріне сәйкес келеді. «7М01702. – «Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ-сы бойынша оқытушылар педагогикалық біліктілік пен оқыту тәжірибесінің жеткілікті деңгейіне ие. Ашық электрондық оқу-әдістемелік материалдар банкі құрылған: дәріс-семинарлар,т.б.*http://bilim.tau-edu.kz/*.

ПОҚ жұмысы оқытушының жеке жоспармен жүргізіледі.ОЖЖ кафедраның әрбір мүшесінің қызметін реттейтін негізгі құжат болып табылады.

«Тұран-Астана» университеті ОПҚ-ның, жас оқытушылардың мансаптық өсуіне,кәсіби және тұлғалық дамуына мүмкіндік жасайды. Университетте тәжірибе алмасу жүйесі,тәжірибелі оқытушылардың жас, жаңадан келген мамандарға тәлімгерлігі белгілі бір бағытқа қойылған.

Қысқы ғылыми-әдістемелік мектеп аясында «Тұран-Астана» университетінің оқытушылары мен құрылымдық бөлімше басшылары, бельгиялық білім беру қоғамдастығының, корейлік сыни ойлауды дамыту орталығының,С.Алтынсарин ат. ҰБАжетекші сарапшылары, ADALDYQ Академиялық адалдық лигасының кеңсесі, Түркия, Өзбекстан, Қырғызстан және Қазақстан жоғары оқу орындарының өкілдері, психолог,бизнес-тренерлер шеберлік сыныптарын өткізіп, өз тәжірибелерімен бөлісті. *https://tau-edu.kz/news/podvedeny-itogi-zimney-nauchno-metodicheskoy-shkoly*

«ӘГҒжТП» кафедрасы, университеттің ҒЗИ және оқу-ғылыми орталықтары аясындағы ҒЗЖ нәтижелері монографиялар, мақалалар, баяндамалар түрінде шығарылады, олар ҚР ҒЖБМ БҒСБК ұсынған басылымдарда, жақын және алыс шетел журналында, синдекстелетін шетелдік басылымдарда жарияланады. ПОҚ жыл сайын өзінің монографияларын, рецензияланатын халықаралық басылымдардың ғылыми жарияланымдарын шығарады, авторлық құқықпен оқу-әдістемелік құралдар шығарады.

**ӘГҒТП кафедрасы ОПҚ-ның Scopus Томсон Рейторс Springs Web of Skeins рецензияланатын халықаралық басылымдарындағы ғылыми жарияланымдары:**

**Нөлдік емес импакт-факторы бар ғылыми мақалалар**

| Журналдар | Аты-жөні | Нөлдік емес импакт-факторы бар халықаралық дерекқорларда индекстелген журнал |
|---|---|---|
| Ресей х/қ ғылыми журналы | Өмірзақова А.Р. | Online teaching and important issues of this process - №12(13), 2020 стр 51-54, импакт-фактор - 0,13 |
| «Ғылым және әлем» халықаралық ғылыми журналы | Айкенова Р.,Ертаева М. Рустимова С.Г. | Неологизмдер аудармасының семантикалық реңі. - №4(80). 2020. Том 1. С.70-74. Импакт-фактор -0,325. http://scienceph.ru/f/science_and_world_no_4_80_april_vol_i_0.pdf |
| Ғылым және әлем Халықаралық ғылыми журнал, № 2 (78), 2020, 2 Том «Ғылым және әлем» журналының Импакт-факторы – 0.325 (Global Impact Factor 2013, Австралия) | Симбаева С., Зайсанбаева Г., Мукажанова Р., Уйсинбаева А | Ноғайлы кезеңінің поэтикалық шығармаларындағы қазақ, қарақалпақ және ноғай халықтарының лингвомәдени байланыстарының көрінісі |

| | | |
|---|---|---|
| Еуразиялық ғалымдар одағы(ЕҒО) №1(22),2019, 13-15б. | Жусупова Г.К. | Мәшһүр Жүсіп өлеңдері |

**БҒБК журналдарындағы мақалалар**

